


01|6 САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ



Сатып алу қызметінің әдіснамасы

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы сатып алу рәсімдері Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы №190 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне және Қор Басқармасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №59/21 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына сәйкес жүргізілді.

Сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары мен тәсілдері сатып алуды жүзеге асыру тәртібінде толық сипатталған. Өз кезегінде сатып алу қызметі процестерін нақтылау (рәсімдер, мерзімдер, құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар) сатып алу қызметін басқару стандартында көрсетілген.

САТЫП АЛУДЫ САНАТТЫҚ БАСҚАРУ

Сатып алу санаттарын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді.

Сатып алуды санаттық басқару тұжырымдамасы меншіктің жалпы құнының көрсеткіштерін төмендетуге, яғни сатып алудың тікелей шығындарын ғана емес, оны иеленудің бүкіл өмірлік циклі бойында ТЖҚ категориясының шығындарын азайтуға негізделген, бұл сізге ең заманауи және экономикалық тиімді шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді. Сатып алу қызметіне енгізілетін өзгерістер Сатып алу бағаларын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, отандық тауар өндірушілерді дамытуға ықпал етеді.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасы (импортты алмастыру)

Мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ұлттық экономиканы дамытуды ынталандыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өнеркәсіптің қайта өңдеу салалары саласында бәсекеге қабілетті жаңа отандық өндірістерді құру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қор тұрақты негізде Қор тобы сатып алатын тауарлардың импортын алмастыруға бағытталған жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңаларн құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасын (импортты алмастыру) (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруда.

Бағдарлама тауарларды сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар (оффтэйк-шарт) жасасуды көздейді. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы сомасы 3,2 млрд теңгеге 20 оффтэйк-шарт жасалды.

Мәселен, «Электр жарықтандыру жабдығы» санаты бойынша сатып алу санаттық стратегиясын іске асыру шеңберінде энергия сервистік шарттың үлгілік нысанын қолдана отырып, отандық тауар өндірушілермен шарт жасалды, бұл энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеуді қамтамасыз ететін технологияларды енгізу есебінен пайдалану шығыстарын үнемдеуді көздейді.

Сатып алудың санаттық стратегияларын енгізу кезеңінде 4,68 млрд теңге мөлшерінде нақты экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

Айта кету керек, сатып алудың санаттық стратегияларын іске асырудың экономикалық тиімділік әлеуеті 2022 жылдың соңына дейін 5,8 млрд теңгеге жетеді деп бағаланып отыр.

2019–2021 жж. сатып алуда жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн теңгемен*

	нақты 2019		нақты 2020		нақты 2021	
	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %
тауарлар	159 847,19	80%	168 776,88	79%	187 631,25	89%
Ж/Қ	159 365,72	87%	104 660,70	79%	144 451,81	93%

*Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері